

"Әр түрлі сыныпты полигондарда орналастырылатын қалдықтар тізімдемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 2 тамыздағы № 244-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 қыркүйекте № 15618 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 361 бұйрығымен.

ЕскеRTу. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 07.09.2021 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әр түрлі сыныпты полигондарда орналастырылатын қалдықтар тізімдемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 2 тамыздағы № 244-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4897 болып тіркелді, "Заң газеті" газетінде 2007 жылғы 14 қыркүйекте № 141 (1170) жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әртүрлі сыныпты полигондарда орналастыруға арналған қалдықтар тізімдемесі (бұдан әрі – Тізбе) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі

көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Тізбенің 3-тармағының 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9), 10), 12) тармақшаларын және Тізбенің 3-тармағының 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 16), 17) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 25.08.2018 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министри

К. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

25 тамыз 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 24 тамыздағы
№ 296 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Коршаған ортанды қорғау
министрінің міндетін
аткарушының
2007 жылғы 2 тамыздағы
№ 244-ө бұйрығымен
бекітілді

Әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесі

Осы Әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесі 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 17-бабының 25) тармақшасына сәйкес өзірленді және әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесін айқындаиды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қалдықтар құрамы мен қасиеттеріне байланысты мынадай сыныптағы полигондарда орналастырылуы мүмкін:

- 1) 1-сынып – қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;
- 2) 2-сынып – қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;

3) 3-сынып – тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға арналған полигон.

2. Белгілі бір сыныптағы полигонда қалдықтарды қабылдау өлшемшарттары былайша айқындалады:

1) коршаған органды (әсіресе жерасты және жерүсті суларын) және халықтың денсаулығын қорғау;

2) полигон шегінде қалдықтарды қалыпты жағдайға келтіру процестерін қамтамасыз ету;

3) қабылданатын қалдықтардың сапалық құрамы;

4) қабылданатын қалдықтардың органикалық құрауыштарының саны және олардың биологиялық бұзылуға бейімділігі бойынша талаптар мен шектеулер;

5) қорғаныш критерийлеріне сәйкес ықтимал қауіпті құрауыштардың санына қойылатын шектеулер;

6) қалдықтар мен құралатын сүзінді сулардың экоуытты қасиеттері.

3. Полигондарда мынадай қалдықтарды көму үшін қабылдауға тыйым салынады:

1) сұйық қалдықтар;

2) полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар;

3) сумен реакцияға түсетін қалдықтар;

4) медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары;

5) рекультивациялау кезінде тұрақтандырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұластай шиналар және олардың бөліктері;

- 6) жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар;
- 7) пестицидтер;
- 8) қабылдау өлшемшарттарын қанағаттандырмайтын қалдықтар;
- 9) пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы;
- 10) макулатура, картон және қағаз қалдықтары;
- 11) құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар;
- 12) шыны сыйықтары;
- 13) түсті және қара металдар сыйықтары;
- 14) литий, қорғасын-қышқыл батареялары;
- 15) электрондық және электр жабдықтары;
- 16) құрылым материалдарының қалдықтары;
- 17) тамақ қалдықтары.

2-тaraу. 1-сыныпты полигондарда (қауіпті қалдықтар орналастырылатын полигондарда) орналастырылуға арналған қалдықтар

4. 1-сыныпты полигонда орналастырылатын қауіпті қалдықтар.

№ р/ т	Қалдық және ол түзілетін өндіріс атауы	Сыртқы түрі және консистенциясы	Аса уытты компоненттері	1	2	3	4
1	Шайыркеспелтек – перхлоркөміртегі өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес	Гексахлорбензол				
2	Химия металлургиялық өндірістегі торий концентратының қалдығы	Қатты	Торий				
3	Хлорорганикалық қышқылдар өндірісіндегі 4Х3-57 порофор құрамадас қалдық	Қатты	Хлорорганикалық қосылыстар				
4	Гальваникалық өндірістегі құрамында бес күкіртті фосфоры бар шаң	Қатты	Бес күкіртті фосфор				
5	Каустикалық сода өндірісіндегі графиттегі сынап қалдығы	Қатты	Сынап				
6	Гранозан өндірісіндегі белсендерілген көмірдегі сынап	Қатты	Сынап				
7	Поливинил хлоридті үлдір мен пластикаттар өндірісіндегі қорғасын, сүрме, кадмий қосылыстарының қоспасы	Қатты	Қорғасын, сүрме, кадмий қосылыстары				
8	Арнайы газ қоспалары өндірісіндегі арсин мен фосфин қоспасы бар сорбент	Қатты	Арсин, фосфин				
9	Шамдарды өндеуден қалған шыны	Қатты	Сынап				
10	Кокс химиялық өндірістегі тасқөмір реустері	Қатты	Бенз(а)пирен				
11	Торийленген вольфрамнан жасалған бүйімдар өндірісіндегі құрамында торий бар қокыр	Қатты	Торий				

12	Күкірт қышқылды өндірістегі селен-сынапты қоқыр	Қатты	Сынап, селен
13	Никелдеу процесінде тузілетін қоқыр	Паста	Никель
14	Мұнай-химия өндірісіндегі қышқыл гудрон	Шайыр тәріздес масса	Күкірт қышқылы, мұнай өнімі
15	Этиленді сутексіздендіруден пайда болған катализатор	Қатты түйіршіктер	Хром оксидтері
16	Бутадиен өндірісінен пайда болған катализатор	Қатты түйіршіктер	Никель оксиді
17	Мыс өндірісінің күшала кегі	Қаттызат	Күшала қосылысы
18	Қалайы өндірісінің күшала –кальций кегі	Қатты	Күшала
19	Броморганикалық синтездің шайыр кеспелтегі	Паста	Броморганикалық қосылыстар
20	Фталий ангидриді өндірісінің шайыр кеспелтегі	Қатты зат	Фталий ангидриді
21	Синтетикалық желім өндірісінің қалдығы	Паста	Трикрезилфосфат, канифоль, поливинилхлорид
22	Аммиак өндірісіндегі моноэтаноламин айдамасының кубтік қалдығы	Шайыр тәріздес зат	Моноэтаноламин
23	Органикалық бояғыштар өндірісінің қалдығы	Паста	Анилин туындысы, пиридин
24	Дифениламин негізіндегі бояғыштар өндірісінің шайырлы қалдығы	Паста	Мырыш, дифениламин
25	Метанол өндірісінің шайыр кеспелтегі	Шайыр тәріздес	Дихлорценолдар
26	Хлорид конденсациясы жүйесінің қалдықтары	Қатты және паста тәріздес	Титан, ванадий тотықтары
27	Корғасын өндірісіндегі арсенатты-кальций қалдықтары	Қатты	Арсенат
28	Бромсүтекті қышқыл өндірісіндегі фторорганикалық қосылыстар қалдығы	Қоқыр	Фторорганикалық қосылыстар
29	Трихлорэтилен өндірісінің қалдықтары	Қоқыр	Трихлорэтилен
30	Перхлорэтилен өндірісінің қалдығы	Қоқыр	Перхлорэтилен
31	Хлорпарафин өндірісінің қалдығы	Сілікпе тәріздес	Хлорпарафиндер
32	Фосфорорганикалық комплексондар өндірісіндегі фосфордың органикалық қосылыстарының қалдығы	Эмульсия	Фосфорорганикалық қосылыстар
33	Реактивтер өндірісіндегі кадмий, никель, корғасын, ванадий, хром, қалайы, йод, мыс тұздарының қалдығы	Қатты	Кадмий, корғасын, хром тұздары
34	Этилбензиламин өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес	Дibenзиламин
35	Магний, титан, ванадий шаңы – сирек металдар өндірісінің қалдығы	Қатты	Ванадий
36	Корғасын-мырыш өндірісінің күшала-сүрме шаңы	Қатты	Сүрме, күшала
37			Шайырлар

	Коксхимиялық өндірістің бензолды ректификациялау цехының сульфаты бөлімінің қышқыл шайырлары	Қатты	
38	Фустар – тақтатасты өндеу қалдықтары	Шайыр тәріздес	Фенол
39	Корғасын-мырыш өндірісінің күшала-сұрме қожы	Қатты	Сұрме, күшала
40	Марганец қостотығының электролиттік өндірісіндегі марганец қоқырлары	Паста тәріздес	Марганд қостотығы
41	Пайдаланылған катализатор	Қатты	Ванадий
42	Никель өндірісінің қалдығы, корғасын-мырышкегі	Қатты	Мырыш, корғасын, никель, мыс
43	Пайдаланылған катализатор (кез келген өндірістің)	Қатты	Хром тотығы
44	Фосфор өндірісіндегі газды тазарту қалдығы	Суспензия	Фосфор
45	Нитрил акрил қышқылы өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес масса	Никель, мыс, кобальт тұздары
46	ТС концентраты өндірісінің қалдығы	Қатты	Сұрме
47	Бояғыштар және көмір қоспасындағы шайыр-кеспелектер	Қатты	Бояулар
48	Құрамында мыс бар құйма - титан өндірісінің қалдығы	Қатты	Мыс
49	Вольфрам шикізатын қүйдіру тозацы	Қатты	Күшала
50	Диметилформамидті жаңғырту қалдығы, шайыркеспелтек	Тұтқыр масса	Диметилформамид
51	Сұрменің фтор тұздарымен қоспасы - хладон өндірісінің қалдығы	Пульпа	Сұрме, фтор
52	Дифенилоксидтің дифенилмен қоспасы – лакталған үлдір өндірісінің қалдығы	Қатты	Дифенилоксид, дифенил
53	Мастика өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес	Асбест, майлар, битум
54	Фторлы тұздар өндірісінің фтор-газдарды бейтараптандыру қоқырлары	Паста тәріздес	Фторлы тұздар
55	Бейтараптандырудан қалған түсті металдар гидрототығының қоқыры	Шлам	Мыс, мырыш, хром, никель
56	Болат балқыту өндірісінің фосфатты қождары	Қатты	Фосфор, ванадий
57	Ферроқорытпа өндірісінің қождары	Қатты	Хром, марганец
58	Эмульсия және майлау-салқыннату сұйықтықтарының қалпына келтіру қалдықтары	Қоқыр	Әфирлі-экстра- гирленетін заттар
59	Кремнегель - фтор тұздары өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес	Фторлы тұздар
60	Темір купоросы-титан қостотығы өндірісінің қалдығы	Паста тәріздес	Темір сульфаты
61	Пайдаланылған катализаторлар	Қатты	Ванадий тотығы

62	Темір күшала кегі	Қатты	Күшала
63	Пайдаланылған катализаторлар	Қатты	Кобальт, мырыш, никель қосындылары
64	Жартылай өткізгіш өндірісінің өндеу материалдары	Қатты	Сынап, қорғасын
65	Гальваникалық өндірістің тазарту құрылғыларының шөгінділері	Паста тәріздес	Тұсті ауыр металдар тотықтырғышы
66	Тақтатас өндеудің кокс күл қалдығы	Қатты	Фенол
67	Жартылай өткізгіш өндірісінің қалдықтары	Қатты	Сынап, қорғасын
68	Жартылай өткізгіш өндірісінің сарқынды суларын залалсыздандыру қалдықтары	Паста тәріздес	Хром, ванадий
69	Прокат өндірісінің қабыршағы	Қатты	Теміртотығы
70	Фасонды-құю цехтарының қалдықтары	Қатты	
71	Асбест өндеу шаңы	Шаң	Асбест
72	Титан өндірісінің хлоридті балқымасы	Паста тәріздес	Хром, марганец
73	Титан өндірісінің пайдаланылған балқымасы	Қатты	Ванадий тотығы
74	Асбест қоспасы бар жыныс шаңы	Шаң	Асбест шаңы
75	Капролактам өндірісінің сілтілік ағындылары	Шайыр тәріздес	Натрий адинааттары
76	Изопрен өндірісінің катализаторлық қоқыры	Паста тәріздес	Хром тотығы
77	Кұрамында фосфор бар сарқынды суларды тазартудың әк қоқыры	Суспензия	Фосфор
78	Жылумен өнделген фосфор қышқылын тазарту қоқыры	Паста тәріздес	Фосфор
79	Бейтараптандыру станциясының қоқыры	Паста тәріздес	Фосфор, фтор
80	Күшала қоқыры	Паста тәріздес	Күшала, фосфор
81	Байыту фабрикаларының қоқырлары мен қалдықтары	Суспензия	Кобальт, мырыш, мыс
82	Қара metallургия кәсіпорындарының шаң және газ тазарту құрылыштарының құрамында темір бар қоқырлары мен шандары	Қоқыр	
83	Металлургиялық өндіріс қождары	Қатты	

5. Қауіпті қалдықтардың тізімін қалыптастыру осы Тізбеке 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жүргізіледі. Осы Тізбеке 1-қосымшада тізбеленген қалдықтар осы Тізбеке 2-қосымшада тізбеленген компоненттердің және осы Тізбеке 3-қосымшада тізбеленген қасиеттердің кем дегенде біріне ие болуы тиіс.

3-тaraу. 2-сыныпты полигондарда (қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар) орналастыруға арналған қалдықтар

6. 2-сыныпты полигонда орналастырылатын қауіпті емес қалдықтар.

№ р/т	Қалдық атавы
1	Қауіпті емес қалдықтарға арналған полигондарда орналастыру критерийлеріне жауап беретін кез келген басқа текті қауіпсіз қалдықтар
2	Тұракты, реактивті емес қауіпсіз қалдықтар (мысалы, қатайтылған, шыныланған)
3	Алюминий силикаты қоқыр СБ-Г-43-6
4	Бентонит қалдықтар
5	Кальций карбиді өндірісінде пайдаланылған графит
6	В6 витамині өндірісінің құрамында гипсі бар қалдықтары
7	Қайнагыш-әк, әктас, сөнген соң қалған қоқыр
8	Борлардың химиялық тұндырылған қатты қалдықтары
9	Өңделген брикеттер түріндегі алюминий тотығы ($AlCl_3$ өндірісінде)
10	Кремний тотығы (ПВХ және $AlCl_3$ өндірісінде)
11	Паратит - қалдығы
12	Натрий сульфаты тұздарының балқымасы
13	Силикагель (уытты емес газдарды сузыздандыру адсорберлері)
14	Өндіріс силикагелі пресс-фильтрлерінің қоқырлары (құрамында балшық пен кремнезем бар)
15	Түйіршікті сода қоқыры
16	Сода-цемент өндірісінің $CaSO_4$ түріндегі дистиляция қалдықтары
17	Құрамында ауыр металлдары жоқ пішіндік стерженьдік қоспалар
18	Химиялық суды тазарту және суды жұмсаарту қоқырлары
19	Лакты эпоксидті шайырлар өндірісінің ағынды суларының хлорид натрий шөгінділері
20	Стандартты емес хлорлы әк
21	Шифер өндірісінің қатты қалдықтары
22	Көмір, торф, такта тас немесе тұрмыстық қалдықта жұмыс істейтін ЖЭО, қазандықтардың қождары
23	Ажарлау материалдары

4-тaraу. 3-сыныпты полигондарда (қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға арналған полигондарда) орналастыруға арналған қалдықтар

7. 3-сыныпты полигонда орналастырылатын тұрмыстық қатты қалдықтар.

№ р/т	Қалдық атавы
1	Қайта өндеуге келмейтін, адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде үй шаруашылығында түзіletін коммуналдық қалдықтар
2	Қайта өндеуге келмейтін, құрамы және түзілу сипаты бойынша коммуналдық қалдықтарға жақын өндіріс қалдықтары

Эртүрлі сыныптағы
 полигондарға орналастыруға
 арналған қалдықтардың
 тізбесіне 1-қосымша

Құрамында 2-қосымшада тізбеленген компоненттердің кез келгені бар және 3-қосымшада тізбеленген қасиеттердің кез келгеніне ие қалдықтар қауіпті болады

- 1) фармацевтикалық, медициналық және ветеринариялық химиялық қосылыстар;
- 2) ағаш консервациясы кезінде қолданылатын заттар;
- 3) биоцидтер және фито-фармацевтикалық субстанциялар;
- 4) ерткіштер ретінде қолданылатын заттардың шөгінділері;
- 5) құрамында цианидтері бар тұздар;
- 6) мұнай өнімдерін айдау, дистилляция немесе келген пиролитикалық процестен соң алынатын шайырлы заттар (мысалы, куб қалдықтары);
- 7) сия, бояулар, пигменттер, бояғыштар, лактар;
- 8) шайырлар, латекс, пластификаторлар, желімдер;
- 9) адамға және/немесе қоршаған ортаға әсері белгісіз, зертханалық тәжірибелерде алынған белгісіз (жаңа) химиялық заттар (мысалы, зертханалық шөгінді);
- 10) фотоүлдірді өндеуге арналған химикаттар;
- 11) полихлоридті дибензо-п-диоксиндер тобының кез келген затымен ластанған кез келген материалдар;
- 12) сабын, май немесе өсімдік немесе жануар текті балауыз;
- 13) ерткіштер ретінде пайдаланылмайтын галогендірілмеген органикалық субстанциялар;
- 14) құрамында металл немесе металл қосылыстары жоқ органикалық емес субстанциялар;
- 15) күл және/немесе қождар;
- 16) топырақ, құм, балшық, соның ішінде жер қазу жұмыстары нәтижесінде пайда болған;
- 17) құрамында цианидтер жоқ тұздар;
- 18) металл үгіндісі мен шаны;
- 19) пайдаланылған каталитикалық материалдар;
- 20) қоршаған ортаны ластау деңгейін төмөндөту жөніндегі операциялардан соң пайда болған қалдық (мысалы, сұзгілермен жиналатын шан);
- 21) декарбонизация қалдығы;
- 22) ион ауысу колоннасы қалдығы;
- 23) бактарды және/немесе құрал-жабдықтарды тазалаудан қалған қалдық;
- 24) ластанған құрал-жабдық;
- 25) 2-қосымшада тізбеленген компоненттердің кем дегенде біреуімен ластанған контейнерлер (мысалы, орама, газ баллондары);
- 26) аккумуляторлар және батарейкалар;
- 27) өсімдік майлары;
- 28) 3-қосымшада тізбеленген кез келген қасиеттерге ие, тұрмыстық қалдықтарды селективті іріктеу кезінде пайда болған материалдар;

29) Құрамында 2-қосымшада тізбеленген кез келген компоненттер бар және 3-қосымшада тізбеленген қасиеттерге ие кез келген қалдықтар.

Эртүрлі сыйыптағы
полигондарға орналастыруға
арналған қалдықтардың
тізбесіне 2-қосымша

3-қосымшада тізбеленген қасиеттерге ие болған жағдайда,

қалдықтарды қауіпті заттарға айналдыратын компоненттер

- 1) бериллий, бериллийдің қосындылары;
- 2) хромның (VI) қосындылары;
- 3) кобальттің қосындылары;
- 4) никельдің қосындылары;
- 5) мыстың қосындылары;
- 6) мырыштың қосындылары;
- 7) күшала, күшала қосындылары;
- 8) селен, селеннің қосындылары;
- 9) күміс қосындылары;
- 10) кадмий, кадмийдің қосындылары;
- 11) қалайы қосындылары;
- 12) сүрме, сүрме қосындылары;
- 13) теллур, теллурдің қосындылары;
- 14) барий сульфатын қоспағанда, барий қосындылары;
- 15) сынап, сынаптың қосындылары;
- 16) таллий, таллийдің қосындылары;
- 17) қорғасын, қорғасынның қосындылары;
- 18) органикалық емес сульфидтер;
- 19) фторлы кальцийді қоспағанда, фтордың органикалық емес қосындылары;
- 20) органикалық емес цианидтер;
- 21) келесі сілтілік металлдар: литий, натрий, калий, кальций, магний қарапайым нысандағы магний;
- 22) қышқылдардың құрғақ қалдықтары;
- 23) негізгі ерітінділердің құрғақ қалдықтары;
- 24) фосфор: минералды фосфаттарды қоспағанда, фосфор қосындылары;
- 25) карбонильді металлдар;
- 26) тотықтар;
- 27) хлораттар;
- 28) перхлораттар;
- 29) азидтер;

- 30) полихлоридті бифенилдер және/немесе терфенилдер;
- 31) биоцидтер мен фито-фармацевтикалық субстанциялар;
- 32) креозот;
- 33) изоцианаттар, тиоцианаттар;
- 34) органикалық цианидтер (мысалы, нитрилдер);
- 35) фенолдар, фенол қосындылары;
- 36) инертті полимерлі материалдар мен осы қосымшада аталған басқа заттарды қоспағанда, органогалогенді қосындылар;
- 37) ароматты қосындылар, полициклді және гетероциклді органикалық қосындылар;
- 38) алифатикалық аминдер;
- 39) ароматты аминдер;
- 40) эфирлер;
- 41) күкірттің органикалық қосындылары;
- 42) полихлорлы дibenзофуран тобының кез келген заттары;
- 43) полихлорлы дibenzo-п-диоксин тобының кез келген заттары;
- 44) көмірсүтектер және олардың осы қосымшаның басқа тармақтарында аталмаған оттекті, азотты және/немесе күкіртті қосындылары.

Әртүрлі сыйыптағы
полигондарға орналастыруға
арналған қалдықтардың
тізбесіне 3-қосымша

Заттарды қауіптіге айналдыратын қасиеттер

- 1) "Тітіркендіруші": терімен немесе шырышты қабықпен қысқа, ұзак мерзімді немесе көп мәртелік жанасуы нәтижесінде қабынуға әкелетін, коррозияға ұшырамайтын препараттар мен субстанциялар.
- 2) "Зиянды": ағза ішіне немесе теріге түскенде денсаулықтың шектелген қатеріне әкелуі мүмкін препараттар мен субстанциялар;
- 3) "Уытты": адам ағзасына немесе теріге түскен жағдайда күрделі, жедел немесе созылмалы ауруға, тіпті қаза болуына әкелуі мүмкін субстанциялар мен препараттар (соның ішінде жоғары уытты субстанциялар мен препараттар);
- 4) "Канцерогенді": ағзага немесе теріге түскен жағдайда обыр ауруына әкелуі мүмкін немесе осы ауруға шалдығу қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар;
- 5) "Тератогенді": ағзага немесе теріге түскен жағдайда тұқым қуалайтын кемтарлыққа әкелуі мүмкін немесе олардың қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар мен препараттар;
- 6) "Мутагенді": ағзага немесе теріге түскен жағдайда тұқым қуалайтын генетикалық кемістіктерге әкелуі мүмкін немесе олардың қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар мен препараттар;

7) Оларды жойған соң, өзінен жоғарыда аталған қасиеттердің кез келгеніне ие басқа бір субстанцияларды бөлуге қабілетті субстанциялар мен препараттар (мысалы, фильтраттар);

8) "Экоуытты": кем дегенде қоршаған орта элементіне дереу немесе кейінірек қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін субстанциялар мен препараттар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК